

А И Қ Ы Н

Қазақ жазушыларының қасіреті



Қадыр Мырза Әлі өзінің «Жазмышында» орыс және шетел жазушыларының өлімінің құпияларын егжей-тегжейлі жазып кетті.

Одан кейінгі «Иірімінде» ішінара қазақ қаламгерлерінің ауыр тағдырын арқау еткенмен, толығымен тоқталмады. Мүмкін, болашақта жазу ойында болған да шығар. Ал жалпы біз қазақ жазушыларының қасіретін қаншалықты білеміз?

Абайдан бермен бастасақ, Шәкерім айдалада атылып, сүйегі құр құдыққа тасталды. Сұлтанмахмұт жоқшылықтың қамытына қамалып, 27 жасында құрт ауруынан өлді. Дауылпаз ақын Баймағамбет Ізтөлин 22 жасында ақтардың қолынан қаза тапты. Небәрі 24-ақ жасында ақын Бернияз Күлеев өзін-өзі атып өлтіреді. Қайғылы қазаға өзін атып өлтіруге не себеп болды десек, Бернияз татар қызына ғашық болып, бірақ бірін-бірі сүйген екі жастың қосылуына қыздың ата-аналары қарсылық білдіреді. Белгілі қаламгер Ғалым Ахмедов «Бернияздың өлімі туралы бірер сөз» атты мақаласында ол оқиғаны былай келтіреді: . «Бұлар түнгі сағат 1-де Бернияздың пәтеріне келеді. Бернияз үстелдің үстіндегі қағазға асыға бірдеңе жазады да, стол тартпасынан наган мен браунингті суырып алады да, екеуін де оқтайды. «Алдымен мені ат» дейді қыз. Осылай дейді де көзін жұмып қарсысында отырған қызды қақ жүректен атады, екінші оқты өз жүрегіне жұмсайды». Татар халқы Бернияз бен қыз махаббатына арнап «Наган жыры» дейтін жыр шығарған. Әнімен айтады екен.

Ахмет Байтұрсынов Архангельскіге жер аударылды.

Міржақып Дулатов «Соловки» лагеріне айдалып, кейін 1934 жылы сонда қайтыс болды. Жүсіпбек Аймауытов 1931 жылы алғашқы құрбандардың қатарына жатып, оққа ұшып шәйт кетті.

Мағжан, Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің жер бетінде моласы да жоқ. Мұхтар Әуезов сынды халқымыздың көрнекті ұлын да қызметінен айырып, уақытша болса да біраз репрессияға ұшыратып, республикадан кетуге мәжбүр еткен. Баубек Бұлқышев, Әли Есмәмбетов, Абдолла Жұмағалиевтар жалындап тұрған шақтарында қан майданда ерлікпен қаза болды. Шешесінен тірідей айырылып, тұл жетім өскен Қасымның көрмеген қорлығы жоқ. Қан майданнан аман келгені болмаса, аурудан көз аспаған. Баспанаға өлер алдында ғана қол жеткізді.

Мағжанның жиені, белгілі ақын Хамза Абдуллин соғыстың алғашқы жылдарында тұтқынға түсіп, концлагерь тауқыметін басынан өткерген. Кейін Мұстафа Шоқай ұйымдастырған Түркістан легионының қатарында болған. Көрнекті жазушы Ілияс Есенберлин 1940 жылы Қызыл әскер қатарына шақырылып, Рига әскери-саяси училищесінде оқып, соғысқа аттанған. 1942 жылы қатты жарақаттанып, госпитальге түсіп, бір жылдан соң мүгедек болып елге оралған. Соғыс аяқталарда, 1937 жылы атылып кеткен әділет халық комиссары Хамза Жүсіпбековтың қызына үйленіп, қайыненесін АЛЖИР-ден алдырғаны үшін НКВД-ның назарына ілігіп, 1949 жылы 10 жылға бас бостандығынан айырылды.

Жазушы Хамза Есенжанов, академик Қажым Жұмалиев, әдебиетші Қайым Мұхамедханов, Жайық Бектұров, Әуелбек Қоңыратбаев, Есмағамбет Ысмайыловтар сталиндік жаппай жазалау толқынына ілігіп, көп өмірін итжеккенде өткізіп оралған. Қазақ әдебиеттануының басында тұрған Бейсенбай Кенжебаевтың өмір бойы қуғын-сүргінге ұшырағаны аздай, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі кезінде КГБ-ның өкілдері ауруханада хал үстінде жатқан мүгедек ғалымға сұрақты жаудырып, тергеудің астына алған.

1951 жылы жазықсыз жапа шеккендердің бірі, белгілі ақын, қазақ әдебиетіндегі түрме шығармашылығы тарауының негізін салушы – Бүркіт Ысқақов. 1951 жылы зобалаңға ұшырап, 25 жыл мерзімге бас еркінен айыруға кесіліп, оған қосымша 5 жылға азаматтық құқынан айырылған.

Қазақтың классик жазушысы Тәкен Әлімқұловтың әдеби ортадан көрген қорлығы аздай, қартайған шағында жындыханаға салған. Оны академик Рахманқұл Бердібаев естіп, Тәкенді жындыханадан шығарып алғанын баспасөз бетінде айтты да. Қазақ поэзиясына адуын күйде келген Төлеужан Ысмайылов маскүнем атанып, қызметтен қуылған, ақыры отбасынан айырылған. Талантты азамат сөйтіп қорғансыз кейіпке түсіп, Алматыдан қайыр таппай, ауылына барып қой баққан. Рухани жан азабына тән азабы – өкпе ауруы қосылып, алыс түкпірде қамал бұзар қырық жасында қыршынынан қиылған. Қазақ поэзиясына Мұқағали, Төлегендермен бірге екпіндетіп келген ойлы ақын Өмірзақ Қожамұратов 60-жылдардың соңында, 70-жылдардың басында «Кеңестік заманның талабына сай емес жат пиғылдағы өлеңдері үшін» бірнеше рет талқыға түскен. Аудандық партия комитетінің бюросында сұраққа алынған. Ақынның жоқтаушысы, кітабын жарыққа шығарған қаламгер Қали Жолдасовтың айтуынша, «Ө.Қожамұратов жолдастың өлеңдері кеңестік заман талабына, коммунистік қоғам идеяларына жат болғандықтан аудандық газетке терең талдаудан соң ғана жариялауға рұқсат етілсін» деген мағынада шешім қабылданған. Өзіне және газет редакторына «қатаң сөгіс» жарияланған. Осы жағдай 4-5 рет қайталанған. Өмекеңді 2 рет жұмыстан шығарған. Осындай әділетсіздікке

шыдамаған ақын аупарткомның жауапты қызметкеріне қол көтерген-міс (дәлелденбеген). Жалған куәгерлер көп болып, ісі сотта қаралады. Екінші тағылған статья – «жұмыссыз жүргендігі үшін» (кеңес дәуірінде жұмыссыз жүргендер сотталатын). Сондай-ақ жұдырығы мықты Өмекеңнің жұдырығының бұрын-соңды «дәмін татқандар» да қосылып, жала жауып, «кінәсін» ауырлатқан. Сөйтіп, абақтыға жаптырған. Өмекең абақтыда өкпе ауруын жұқтырып алады да, денсаулығына байланысты 4 жылдан соң түрмеден оралады. Жазушы Бердібек Сокпақбаевтың мәйіті саяжайда асулы тұрған жерінен табылды. Жазушы өзіне-өзі қол салды ма, әлде Қадыр Мырза Әлі өзінің «Иірімінде» күдік келтіріп жазғанындай, мұнда КГБ-ның құпия қолтаңбасы бар ма? Өмір бойы Қытай түрмесінде отырған Қажығұмар Шабданұлы, Таңжарық Жолдыұлының ауыр тағдырлары да адам аярлық.

Жалындаған ақын Артығали Ыбыраевты 20 жасында Тараз қаласындағы қонақүйде біреулер өлтіріп кеткен.

Қазақ поэзиясының марғасқасы Сағи Жиенбаев 60 жасын тойламақ болып отырғанда дәл туған күнінде қайтыс болған. Трагедия ма – трагедия! Из-түссіз жоғалып кеткен ақындар да аз емес. Жоғалған ақындар дегенде алдымен еске оралатын – Танабай Нарманов, Әділ Ботпанов, Сағат Әбдуғалиевтар. Бұлардың үшеуі де – жыр көрігін қыздырып жүріп із-түзсіз кеткендер. Бұл жарық дүниеде олар бар ма, жоқ па, ешкім білмейді. Белгілі ақын Исраил Сапарбай ақын інісі Танабай Нармановты былайша еске алады: «Әлі есімде... Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің әдебиет және өнер бөлімінде істеп жүрген кезім. Бір күні түс әлетінде, қасында өзі құралпы досы бар, Танабай кіріп келді. Сол аға сыйлап өскен ізетті қалпы. Өзінің осы бетте университетті бітіріп келгенін, ауылда бірер күн аунап-қунап, енді қызметке кірісер алдында дос-жораларымен кездесіп, бір сәт мауқын басуға шыққанын, өлеңдерін талай мәрте жариялатқан қара шаңыраққа сәлем беріп, бас сұғып шығуды парыз санағанын айтып, не керек, соңында жарық көрмеген жаңа өлеңдерін оқып берді. Мен оларды алып қалдым. Реті келгенде суретке түсіп, әкеп тастауын өтіндім. Ол бірер күн Шымкентте болатынын, осындағы оқу орындарында мектептес достары бар екендігін, солардың жатақханасына кіріп шығатынын, мүмкіндігінше хабарласып, қайта соғатынын айтып, жылы қоштасты. ...Ажал айтып келмейді ғой. Сол екі-үш күн ішінде Танабайдан айырылып қалдық. Технология институтының жатақханасында достарымен бірге болып, көшеге шыққан жас ақыннан сол күйі дерек болмады. Перизатқа ғашық болып жүретін пері ақынды, кім білсін, періштелер қанатына мінгізіп, әлдеқайда алып кетті ме... Әйтеуір әлі күнге «көрдім, білдім» деген адам жоқ...».

Артына өзіндік өрнекті өлеңдерін қалдырып, жоғалып кетіп, кейіннен мүрдесі табылған ақындардың бірі – Сағат Әбдуғалиев. Белгілі сазгер, бард-ақын марқұм Табыл Досымов Сағатты былай еске алыпты: «Бірақ өмір кетпесіне қойды ма?! Өлмесіне рет берді ме?! Орал, Ақтөбе, Жаңаөзен түрмелерінің тақтай төсегін әлденеше жамбастаған Сағат еліне өкпе ауруын жамап қайтты. Ендігі жерде Сағат ақынға бұл дүниені тәрк етпеске жер қалмап еді. 1983 жылдың желтоқсанының соңғы күндері. Қалмыков селосынан кешкілік үлкен трасса жолды бетке алып шыққан шайыр екі ортада бір сайдың аңғарына құлайды. Сол түні қатты аяз ұрып, қалың қар жауған... 1984 жылдың наурыз айының бір жайма-шуақ күндерінде мал-жандығын ауыл маңына өріске шығарған екі бала ақын мүрдесін таппағанда, Сағатқа сайлы жерден топырақ та бұйырмаған болар еді...».

Әдебиетші ғалым, академик Зәки Ахметов, ақындар Қайрат Әлімбек, Бейбіт Құсанбек, әнші әрі жазушы Жәнібек Кәрменов, сатирик Есенжол Домбаевтар көлік апатынан кетті.

Көрнекті қаламгер Марат Қабанбайдың да өмірден өтуі біртүрлі жұмбақтау. Бойындағы дерт алды ма, әлде...

Тағдыры ауыр ақындардың қатарында Тоқаш Бердияров, Свет Оразаев, кейінгі буын Табылды Досымов пен Әмірхан Балқыбек те бар.

Ешкімге, үкіметке де, қоғамға да, тіпті өзінің жақындарына да керек болмай қалғандар да қаламгерлер арасында аз емес. Оның бәрін тергіштеуге, қазақ ақын-жазушыларының қасіретін бір мақалада түгел теріп айтуға газет көлемі көтермейтіндіктен, төмендегі сұрақпен тоқталық. Сіздіңше, қазақ жазушыларының қасіреті неде?

Төреғали Тәшенов